

Кімге: Қазақстан Республикасы Қаржы және экономика министрлігіне

Кімнен: Берікболова Алуа Айдынқызы –Абай облысы, Абай ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

Орындау күні: 08.11.2024 ж.

Аналитикалық жазба

Зерттеу тақырыбы: Халықтың табыс деңгейін көтеру

Кілт сөздер: табыс, инфляция, банкроттық, кедейлік деңгей, индексация, бизнес, салық.

Халықтың табысы — жеке адамның немесе отбасының (үй қожалығының) белгілі бір кезең бойына (бір жылда немесе бір айда) алатын және тұтыну мен жұмсалатын ақшалай және заттай түсімінің жиынтығы, яғни халықтың өз қажеттеріне жұмсайтын материалдық қаражаты.

Сондай-ақ, әрбір мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, азаматтардың тұрмыс деңгейін көрсететін басты индикаторлардың бірі.

Қазақстандағы халықтың табысы, әсіресе соңғы онжылдықта, инфляция деңгейінің жоғарылауы, жұмыссыздықтың артуы және әлеуметтік теңсіздіктің өсуі сияқты күрделі мәселелермен қатар дамып келеді. Халықтың табысын тұрақтандыру және оны жоғарылату экономикалық саясаттың маңызды бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс, өйткені бұл елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқатын арттыруға және экономикалық өсуді ынталандыруға ықпал етеді. [1]

Халықтың табысын сипаттау үшін экономист мамандар бірнеше негізгі көрсеткіштерді қолданады: бастапқы табыс, меншіктен алынған табыс, ағымдағы трансферттер және басқа да алынған игіліктер. Бұл көрсеткіштер азаматтардың өмір сүру деңгейін, экономикадағы табыс бөлінісін және әлеуметтік саясаттың тиімділігін анықтайды.

Бастапқы табыс — азаматтардың еңбек қызметі нәтижесінде алған ақшалай табысы, яғни жалақы мен басқа да еңбек сыйақылары. Бұл табыс көбінесе халықтың ең үлкен табыс көзі болып табылады. Мысалы, 2023 жылы Қазақстанда халықтың табысының 77%-ы еңбек табыстарынан алынған, оның ішінде 65%-ы — жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысы, ал 12%-ы — жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың табысы.

Меншіктен алынған табыс — тұрғындардың жеке меншігінен алынатын табыстарды қамтиды, мысалы, пәтерақы, дивидендтер, пайыздар және ренталық төлемдер. Қазақстанда бұл көрсеткіш халықтың жалпы табысының шамамен 15%-ын құрайды.

Ағымдағы трансферттер — мемлекеттік немесе басқа әлеуметтік қорғау жүйелерінен алынатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақылар, жәрдемақылар, әлеуметтік көмек. Бұл табыс түрі әсіресе әлеуметтік әл-ауқаты төмен топтар үшін маңызды болып табылады. Қазақстандағы мемлекеттік әлеуметтік көмек жүйесі салыстырмалы түрде дамыған, бірақ бұл салада да әлеуетті жақсартулар қажет.


Нақты табыс — бұл халықтың табысын инфляцияның деңгейіне байланысты түзету. Нақты табыс халықтың тұтынушылық мүмкіндіктерін көрсетеді. Мысалы, инфляция жоғары болған сайын атаулы табыс өскенімен, нақты табыс деңгейі өзгермейді, себебі тұтыну бағалары да артқан болады. Осылайша, халықтың нақты табысының өсуі тұтыну бағасының индексіне байланысты түзетілуі тиіс.

Қазақстандағы кедейлік деңгейі және табыс теңсіздігі

Кедейлік деңгейі — бұл халықтың белгілі бір бөлігі, оның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болатын жағдай. Қазақстанда 2024 жылдың қаңтарынан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейі 43 407 теңгені құрайды. Бұл көрсеткіш халықтың кедейлік деңгейін өлшеуге негізделеді. Мәселен, 2023 жылы Қазақстанда халықтың 10%-ы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысқа ие болған, бұл елде табыс теңсіздігінің жоғары деңгейін көрсетеді. [2]

Табыстың саралануы индексі, яғни Гини коэффициенті, табыс теңсіздігінің өлшемі ретінде маңызды. Қазақстанның Гини коэффициенті 0,27 шамасында, бұл табыс теңсіздігінің белгілі бір деңгейде бар екенін білдіреді. Әлемдегі дамыған елдерде бұл көрсеткіш 0,2-0,3 аралығында болса, дамушы елдерде ол 0,4 және одан жоғары болуы мүмкін.

Қазақстанда кедейлік мәселесі өте өзекті болып отыр. 2023 жылдың соңында кедейлік деңгейі ең жоғары болып Түркістан облысында тіркелді, ал Жетісу облысы екінші орында. Осы кезеңде Астана мен Қарағанды қалаларында кедейлік деңгейі салыстырмалы түрде төмен болды, алайда бұл өңірлерде де әлеуметтік теңсіздік мәселесі айқын көрініс табуда.



«1-сурет –2024 жылғы I тоқсаны бойынша ең төменгі күн көріс деңгейі»

Кестеде көрсетілгендей Абай облысы өңірлер арасында ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі бойынша алғашқы үштікке кіреді.

2023 жылғы 3 наурыздан 2024 жылдың 2 қарашасына дейін бастап соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға 131 мыңнан астам қазақстандықтардан өтініш түсті, 6,6 мың мемлекеттік кірістер органдарында қаралуда, 8 мың азаматқа қатысты рәсім жүргізіліп, 2 мыңнан астам азаматтың ісі тоқтатылды, 215 адамның өтініші кері қайтарылды, жалпы сомасы 40 млрд теңге берешегі бар 17,9 мың азамат банкрот деп танылды. [5]

Осы сандардан-ақ, халықтың табыс деңгейін көруге болады. Болашақта азаматтардың кедейлігі мен банкроттығын көбейтпеу үшін, шешу жолдарын қарастыру керек.

Халықаралық тәжірибе

Әлемдегі бірнеше елде халықтың табысын жоғарылату және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін тиімді бағдарламалар мен саясаттар қолданылуда:

- Швеция — әлеуметтік мемлекет үлгісі ретінде жалақы деңгейі жоғары, әлеуметтік көмек жүйесі жан-жақты дамыған. Мұнда ең төменгі жалақы деңгейі мен әлеуметтік жәрдемақылар тұрақты түрде индексацияланып отырады. Швецияның мемлекеттік әлеуметтік саясаты қоғамның барлық мүшелерін қамтиды.

- Германия — елде жұмыссыздарға көмек көрсету бағдарламалары, кәсіби дайындық пен қайта оқыту курстары тиімді жүзеге асырылады. Сондай-ақ, зейнетақы жүйесі мен медициналық қызметтердің қолжетімділігі жоғары.

- Сингапур — табыс теңсіздігін төмендету үшін мемлекеттік бюджеттің көп бөлігін білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыруға бағыттайды. Бұл экономикалық өсім мен халықтың табысы арасында теңгерімді қамтамасыз етеді.

Қазақстанға осы елдердің тәжірибелерін ескере отырып, табыстардың теңгерімін және халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында кешенді шаралар қабылдау қажет.

Халықтың табысын тұрақтандыру және жоғарылату үшін Қазақстанда бірнеше стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру қажет:

- Жалақыны көтеру. Қазақстанда жалақының орташа деңгейі әлі де көптеген елдермен салыстырғанда төмен болып табылады. Мемлекеттік сектордағы қызметкерлердің жалақысын арттыру, сондай-ақ ең төменгі жалақыны кезең-кезеңімен көтеру арқылы халықтың табысын жоғарылатуға болады.

- Әлеуметтік трансферттерді ұлғайту. Әлеуметтік көмек пен зейнетақылардың көлемін арттыру, әсіресе көп балалы отбасылар мен зейнеткерлерге арналған көмек көрсету бағдарламаларын жетілдіру қажет. 2023 жылы әлеуметтік төлемдер көлемі жалпы ішкі өнімнің 5%-

ын құрады, алайда бұл көрсеткішті арттыру халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал етеді.[3]

•Шағын және орта бизнесті дамыту. Елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету және табыстардың өсуін қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлікті қолдау, мемлекеттік субсидиялар мен салықтық жеңілдіктер енгізу арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

•Инфляциямен күрес. Қазақстандағы инфляция деңгейі 2023 жылы 19,6% болса, бұл халықтың нақты табысының төмендеуіне алып келеді. Инфляцияны бақылау, оның ішінде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржылық реттеу шараларын қабылдау қажет. [4]

•Туризмді дамыту. Бұл дегеніміз –туризм арқылы ел экономикасын көтеруге болады. Мысалы, Абай облысының өзінде туристерді көптеп тартуға болатын орындар өте көп. Туристер сол жерге келу арқылы жақын орналасқан ауыл тұрғындарының табысын арттырады.(*Дүкен, дәмханалар ашу, көлік жөндейтін орын, гид қызметкері болу, т.б.*)

•Әлеуметтік теңсіздікті азайту. Табыс теңсіздігін төмендету үшін әділ салық жүйесін қалыптастыру, халықтың әлсіз топтарын қорғау, сонымен қатар мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы қаржылық айырмашылықтарды қысқарту маңызды.

Қорытынды

Халықтың табысын тұрақтандыру және жоғарылату Қазақстан үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту үшін еңбек табысын арттыру, әлеуметтік көмек жүйесін кеңейту, жұмыссыздықты төмендету және инфляцияны бақылау қажет.

Халықаралық тәжірибелер мен Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайын ескере отырып, табыстардың теңгерімін жақсартуға бағытталған кешенді шараларды қабылдау арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B%D1%82%D1%8B%D2%A3_%D1%82%D0%B0%D0%B1%D1%8B%D1%81%D1%8B
2. <https://egemen.kz/article/358038-khalyqtynh-tabysyn-oylasaq>
3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/832703>
4. <https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/67955/>
5. <https://ortcom.kz/kk/amp/novosti/1730792437>